

## ПЛЕНАРЛЫҚ БАЯНДАМАЛАР

### ПЛЕНАРНЫЕ ДОКЛАДЫ

*Аққожина, Б.,  
Қостанай облысы әкімдігі  
Ішкі саясат басқармасының басшысы,  
Қостанай қ., Қазақстан*

#### АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫ – ТӘУЕЛСІЗДІК БАСТАУЫ

Биыл Алаш қозғалысының ғасырлық тойы – Алаш ұлттық автономиясының, Алаш партиясының және Алаш үкіметінің құрылғанына 100 жыл толып отыр.

Осы мерекеге орай еліміздің барлық өңірлерінде түрлі іс-шаралар жоспарланып, олар жыл бойы атқарылып келеді. Өткізілілетін шаралардың басты мақсаты – Алаш арыстарының рухын жас ұрпаққа сіндіру, Алаш идеясын ұстанған ұлттық-демократиялық зиялылардың саяси қызметі мен ұлттық партия құру идеяларын дәріптеу.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында баяндап, алдымызға қойған міндеттері Алаштықтардың сол кезде айтқан ойларымен, мақсаттарымен ұштасады.

1917 жылы құрылған Алаш партиясының жарғысы мен патша үкіметіне қойған талабында білім берудің тегін болуына, мектептер мен университеттер салынуына, кітап және газет басу ісіне еркіндік берілуіне назар аударылған. Қазіргі уақытта сол арманның бәрі орындалды. Олар қалағандай тәуелсіздігімізге революциялық емес, эволюциялық даму жолымен жеттік.

Алаш қозғалысының қалыптасу тарихына тоқтала кеткім келеді. ХХ-ғасырдың бас кезінде қазақ қоғамында мүлдем жаңа жағдай қалыптасты. Оның нақты көріністері ресейлік әскери-монархиялық басқару жүйесі, қазақ жерінің меншіктенілуі, Ресейден қоныс аударушылар легінің күрт өсуі, егіншілікке жарамды жерлердің алынуы, шаруашылықтың терең дағдарысқа ұшырауы болды.

Аталған жағдайды түзетуге сан жағынан аз болғанымен, бірақ саяси тұрғыдан көріне бастаған ұлттық интеллигенция кірісті. Осы мезгілден бастап Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов жетекшілік еткен ұлттық зиялылар жаңа өрлеу ала бастаған ұлт-азаттық қозғалысқа нысаналы сипат беру үшін газет шығару, азаттыққа үндеген кітаптар бастырып тарату сияқты қазақ қоғамына бейтаныс күрес әдістерін игере бастады.

Ұлттық ғылыми және шығармашылық зиялы топтардың қалыптасуына «Алаш» көшбасшыларының үлестері баға жетпес, олардың бірінші және жарқын өкілдері өздері болған. Алаш үкіметі мүшесінің әрқайсысы айрықша тұлға болып табылады. Олардың әрқайсысы қазақ ұлттық сана-сезімін дамытуға, оның білім беру мәдениетін арттыруға үлкен үлес қосты.

Ал 1911 жылдан шыға бастаған Айқап журналы, 1913 жылдан жарық көріп, жалпыхалықтық басылымға айналған «Қазақ», оның артын ала өмірге келген «Бірлік туы», «Сарыарқа», «Ақ жол» газеттері ұлт-азаттық күрес идеологиясының қалыптасуына қызмет етті.

Қазақтың сан ғасырлық тарихының ең жарқын беттерін жазған Алаш қозғалысы тарихи-саяси айрықша құбылыс ретінде ұлтымыздың мәдени-рухани даму жолын жаңа арнаға бұрғаны сөзсіз. Өйткені ол қазақ баласының саясат, мәдениет сатысына көтерілгендігін айғақтап, ұлт ретінде дербес өмір сүруге, өзге елдермен терезесі тең халық ретінде азат күн кешуге болатындығына әлеуметті сендіре алған жаңашыл қозғалыс еді.

Қозғалыстың қарқындылығы мен жаңашылдығы – қазақ қоғамы үшін қиын кездерде азаттық ұранын салып, іс жүзінде дербес мемлекет құруға бел шешіп кірісуінде еді. Ауыр

кезеңде амал тауып, халқының басын қосып, ертеңіне сендірген осындай ұлы топ бұған дейін болмағаны тарихтан белгілі.

Олар сол тұста кездескен қиындықтардың барлығын жеңе білді, түпкі мақсатқа жету үшін, қандай да болмасын мәселенің оң шешімдерін таба білді. Алаш қозғалысы совет өкіметі тарапынан терістелгенімен, оның идеялары ұлтжанды азаматтардың жүрегі мен санасында өмір сүріп келді. Оның жарқын мысалы – еліміздің тәуелсіздігінің қарсаңында Алаш идеясының қайтадан жаңа күшпен жаңғыруы.

Бүгінгі күні алаштық идея саналы қазақ баласын, елжанды қазақ азаматын қайтадан баурап алу үстінде. Мұның басты себебі, Алаш қозғалысының ең ұлы мақсаты - ұлттық тәуелсіз мемлекет құру идеясымен сабақтасып жатқанында еді. XX ғасырдың басында ұлтының теңдігі үшін қауымдасумен де, қаламмен де, қарумен де күреске түскен Алаш қайраткерлерінің еңбегі Алаш баласының есінен еш кетпек емес.

Еліміз егемендік алып, Тәуелсіз мемлекет құрғанымызда ел қамын ойлап, сол жолда өздерінің саналы ғұмырын сарп еткен асыл азаматтардың тарихын қайта парақтап, шынайы түрде олардың істерінің бетін ашып заман талабына сай зерделеудің маңызы зор.

Қазақтың алғашқы саяси партиясы «Алаш» пен Алаш орда үкіметінің пайда болуы кездейсоқ құбылыс болған жоқ. Бұл қазақ халқының тәуелсіздігі үшін көп ғасырлық күресінің заңды кезеңі болды. «Алаштың» бұрынғы қайраткерлері және ғылыми және шығармалық интеллигенциясы қазақтың басқарушы таңдаулы тобының өкілдері қазақ мемлекеттілігінің іргетасын қалады.

Осы істеердің арасында болған қостанайлық Алаш арыстары туралы бірер сөз қозғағым келеді. Олар шекараларды анықтау және қазақ жерлерін қосу процесіне белсенді араласты. Сол кезеңдегі Қазақстан тарихында көрнекті саясаткер, ғалым, публицист Әлихан Бөкейхановпен қатар қоғамдық аренаға шыққан зиялы қауымның белсенді бөлігінің ішінде көзге түскен Ахмет Байтұрсынов және Міржақып Дулатов халықтың ұлттық сана-сезіміне әсер етті және оны азаттыққа шақырды. Олар қазақ аумағының тұтастығын қамтамасыз ету үшін барлық күштерін салды.

Ахмет Байтұрсынов өз уақытында сталиндік жазалау әділетсіздігінің құрбаны болды, жарты ғасырдан астам есімі ұмыт болды, еске алуға лайықтанбады. Оның бүкіл өмірі қазақтардың өзін-өзі анықтауына, мәдениетін, білімін және ғылымын дамытуға, ғасырлар бойы өзіндік халық шығармашылығын сақтауға деген қамқорлыққа толы болды. Мұхтар Әуезов 1923 жылы Байтұрсыновтың баға жетпес еңбектерін ескере отырып, оны «қазақ зиялы қауымының көсемі» деп текке атаған жоқ.

1917 жылғы Қазан төңкерісінен кейін қоғамдық өмірге белсене араласқан Ахмет Байтұрсынұлы қазақ жұртының тәуелсіз мемлекетін құруды мақсат еткен Алаш қозғалысы көсемдерінің бірі болды. Кейінірек Қазақстанның тұңғыш халық ағарту министрі, Қазақстан академиялық орталығының жетекшісі, Алматыдағы, Ташкенттегі жоғары оқу орындарының профессоры қызметтерін атқарды.

1913-1918 жылдары өзі ұйымдастырған «Қазақ» газетінің редакторы бола жүріп, кең ауқымды әлеуметтік істер атқарды. Газет бетінде халық өмірінің аса күрделі мәселелерін көтерді. Елді оқу-білімге, ілгері ұмтылуға шақырды.

Кеңес өкіметі тұсындағы коммунистік идеология аласапыранының салдарынан 1929 жылы жазықсыз ұсталып, ұзақ уақыт түрме мен лагерь азабын тартқан Ахмет, 1936 жылы елге қайтып оралғанымен, 1937 жылы қайта тұтқындалып, 1938 жылы атылады.

Алаш қозғалысының көсемі ретінде «халық жауы» деп атылған А.Байтұрсыновтың есімі де, шығармалары да көпке дейін жұртшылық үшін жабық болды.

XX ғасырдың 80-жылдарының аяғында А.Байтұрсынұлы есімі қайтып оралды. Оның естелігі Қостанай қаласында мәңгі сақталған. Оның есімі Қостанай мемлекеттік университетіне берілді. Қала паркінде ескерткіш орнатылған, қаланың орталық көшелерінің біріне оның есімі берілді.

Міржақып Дулатұлы қазіргі Қостанай облысының Жанкелдин ауданында дүниеге келген. Ыбырай мектебін оқып-бітіргеннен кейін Міржақып өзінің ұстаздық қызметін Торғайдағы Терісбұтақ деген жерде ауыл балаларын оқытудан бастайды.

Жасы жиырмаға да толмаса да Міржақып мектептен алған білімін, өзінің дүниетанымын одан әрі дамытып, оны еліне арнауды ойлап, соған сәйкес іс-қимыл жасау үшін қазақ зиялылары шоғырланған Омбы қаласына қоныс аударады. 1904 жылы ол Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейхановтармен танысады. Омбы, Қарқаралы, Орал, Санкт-Петербург қалаларын аралап, көрнекті қоғам қайраткерлерімен пікірлеседі, мәдени-саяси шараларға қатысып ой-өрісін кеңейтеді. Мұның бәрі Міржақыптың саяси-әлеуметтік көзқарасының қалыптасуына үлкен ықпал етеді.

Бұл – Ресейдегі буржуазиялық-демократиялық бірінші революцияның қарсаңы, елдің дүрлігіп, қоғамдық қозғалыстардың өз қазанында қайнап, тасып жатқан тұсы болатын. Және де бұл кезде Ахмет Байтұрсынов қазақ даласына әлеуметтік қозғалыстың беделді басшысы ретінде танылып қалғанды. Олар бірін-бірі іштей тез ұғысып, бұдан былайғы өмірлерін бір мақсаттың жолына арнайды, ақтық демдері біткенше, жұп жазбайды, Міржақып Ахмет ағасына еріп, Омбыдан Қарқаралыға келеді. Осында астыртын жұмыстарға қатысады.

1909 жылы Қазан қаласында жарық көрген және қысқа мерзімде екі рет қайта басып шығарылған «Оян қазақ» өлеңдер жинағы тәркіленді, автор түрмеге қамалды. «Көзінді аш, оян қазақ, көтер басты, өткізбей қараңғыда бекер жасты», – Дулатовтың өлең жолдары осылай болды.

1928 жылдың аяғына қарай Қазақстанда революцияға дейінгі зиялы қауымды қуғындау басталды. М. Дулатовқа буржуазиялық-ұлттық қозғалысты жаңғыртуы бойынша заңсыз қызметіне айып тағылды. Ол тұтқындалып ату жазасына жіберілді, оны соңында 10 жыл тұтқындаумен алмастырды.

Алаш ордашылардың барлық өмірі мен қызметі – халыққа және республикаға табанды қызмет етудің көрнекті үлгісі. «Алаш» буынының ұлы тұлғалары өзінің ұлты үшін шырақ, адамгершілік бағдары, жоғары адамзат рухының және Отанға қызмет етудің өшпес өнегесі болды.

Өзінің «Тарих толқынында» атты кітабында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев Алаш Орда еңбектерін былай сипаттады: «XX ғасырдың басында қазақ ұлттық идеясын қалыптастыру міндетін ұлттық ықпалдастыру идеясын алға жылжытқан рухани-интеллектуалды элита өзіне алды. Біздің отандық тарихымызда ұлттық саяси ұйымды құру фактісінің өзі аяғына дейін мойындалмайды. Оның үстіне, өз уақытында «Алаш» партиясының басшылары алға жылжытқан көптеген ережелер өзінің мағынасын қазірге дейін сақтап келеді. Бұл ұлттық емес, патриоттық ұйым болды, ол өзінің мақсаты ретінде қазақ қоғамының біртіндеп өзгеріуін және жаңа заманғы реалийге бейімделуін мақсат етті».

Тарих бізді сабақ алуға, даналық пен төзімділікке үйретеді, тағдырлары тоғысқан халық күшіне деген сенім ұялатады.

Өзінің концептуалдық деңгейі және саяси маңызы бойынша Алаш партиясының қызметі өз заманының рухына жауап беріп қана қоймай, сондай-ақ белгілі бір шамада Қазақстанның дүркіреген Тәуелсіздігінің идеялық көзі болып табылады.